

ТҮРКІ ФИЛОСОФИЯСЫ - ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙЫНЫҢ РУХАНИ БАСТАУЫ

¹Г.Г. Барлыбаева, ¹Г.И. Нүсіпова, ¹А.Б. Кельдинова, ²Ж.Қ. Мадалиева

АНДАТПА

Мақалада орасан зор зияткерлік әрі рухани тәжірибені бойына жинақтаған түркі-қазақ философиялық дәстүрі жан-жақты талданады. Авторлар түркі философиялық ойын қазақ философиясының бастау көздерінің бірі ретінде қарастырып, қазақтардың этикалық дүниетанымында ортағасырлық мұсылман ойшылдарының адам туралы екі іргелі дүниетанымдық бағытының өзара сабақтасып, үйлесімді көрініс тапқанын атап көрсетеді. Зерттеуде түркі халықтарының терең этикалық құндылықтарының айқын үлгісі ретінде танылған, аңыз данышпан, әрі кемеңгер ойшыл Қорқыт Атаның философиялық көзқарастарының маңызына арнайы назар аударылады. Бұл түркі-қазақ философиялық дәстүрі әлемдік философиялық ой жүйесіндегі бірегей, әрі ерекше құбылыс ретінде сипатталады. Аталған дәстүрде әрдайым этикалық мәселелер бақыт, ізгілік, ар-ождан, адамдық борыш сынды мәселелер алдыңғы қатарға шығып отырғаны айқындалады. Авторлар, сондай-ақ, қазақ халқының рухани-мәдени мұрасын терең игеру мен оның құндылықтық-мағыналық өмірлік бағдарларын сақтап, жаңғыртудың маңыздылығын ерекше атап көрсетеді. Бұл ұлттық дүниетаным үлгісі қазіргі жаһандану жағдайында қоғамның рухани тұтастығы мен адамгершілік бағдарын сақтаудың маңызды тетігі ретінде ұсынылады.

Түйін сөздер: қазақ философиясы, түркі этикасы, ойшыл, бастау, руханилық, сопылық, мұра, дүниетаным.

¹ҚР ҰЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Автор-корреспондент:
Кельдинова А.Б.,
aimana_th@mail.ru

Мақаланың сілтемесі:
Барлыбаева Г.Г., Нүсіпова Г.И., Кельдинова А.Б., Мадалиева Ж.Қ. Түркі философиясы - қазақ философиялық ойының рухани бастауы // Адам әлемі. – 2025. – №3(103). – Б. 10-18.

Тюркская философия – духовный исток казахской философской мысли

Аннотация. В статье анализируется тюрко-казахская философская традиция, хранящая колоссальный интеллектуальный духовный опыт. Авторы, рассматривая тюркскую философскую мысль как исток казахской философии, подчеркивают, что в этическом мире казахов осуществилась и отразилась преемственность двух мировоззренческих концепций человека в наследии средневековых мусульманских мыслителей. Авторы статьи исследуют философские воззрения выразителя фундаментальных этических ценностей тюркских народов, легендарного мудреца и мыслителя КORKYT АТА. В статье отмечается, что тюрко-казахская философская традиция – это яркий феномен мировой философской мысли, где всегда доминировала этическая проблематика: проблемы счастья, добра, долга, совести человека. Авторы особо подчеркивают значимость освоения духовной культуры казахов и воспроизведения уникального национального образа мира с его ценностными смысловыми ориентирами.

Ключевые слова: казахская философия, тюркская этика, мыслитель, исток, духовность, суфизм, наследие, мировоззрение.

Turkic Philosophy is the Spiritual Source of Kazakh Philosophical Thought

Abstract. The article examines the Turko-Kazakh philosophical tradition, which embodies a vast reservoir of intellectual and spiritual experience. The authors, considering Turkic philosophical thought as the foundational source of Kazakh philosophy, emphasize that the ethical worldview of the Kazakhs reflects the continuity of two anthropological paradigms inherited from the legacy of medieval Muslim thinkers. The study explores the philosophical views of Korkyt Ata, the legendary sage and thinker, who served as a key representative of the fundamental ethical values of the Turkic peoples. The article highlights that the Turko-Kazakh philosophical tradition constitutes a remarkable phenomenon in global philosophical discourse, in which ethical concerns have always prevailed – questions of happiness, virtue, duty, and conscience. The authors particularly underscore the importance of engaging with the spiritual culture of the Kazakhs and reviving their unique national worldview, shaped by deep existential and value-based orientations.

Key words: Kazakh Philosophy, Turkic Ethics, Thinker, Source, Spirituality, Sufism, Heritage, Worldview.

Кіріспе

Қазақтардың мінезі, келбеті, мәнді белгілері, дүниетанымдық дәстүрлері мен тілі – осының бәрі оларды түркітәлді мәдениеттің ең көне дала тармағы ретінде қарастыруға толық мүмкіндік береді. Бұл рухани мұра үнді-иран мәдениетінің терең қабаттарын қамти отырып, ғасырлар бойы Шығыс пен Батыстың шектес жатқан өркениеттері және халықтарымен

тығыз өзара ықпалдастықта дамыды. Қазақтар түрлі тарихи кезеңдерде сан алуан мәдени ықпалдарды бойына сіңіре білді. Бұл ықпалдастықтың тереңдігі мен тұрақтылығы соншалық, оны саяси күйзелістер мен соғыстар да, араб және моңғол үстемдігі де, исламдандыру үдерісі де түбегейлі өзгерте алмады.

Соңғы жылдары өткен барлық дүниежүзілік философиялық конгрестерде Солтүстік Мұзды мұхиттан Жерорта теңізіне дейінгі кең

географиялық кеңістікте мекен ететін түркі халықтарының ортақ философиялық тарихын қалыптастыру қажеттілігі жиі көтерілуде. Осы беделді форумдарда «түркі мәдениеті» және «түркі философиясы» ұғымдарын ғылыми айналымға енгізу туралы ұсыныстар жасалып, түркітілдес халықтардың философиялық мұрасын жүйелі түрде зерттейтін еңбектерді жазу туралы шешім қабылданды.

Біздің ойымызша, бұл мәселенің осылай қойылуы орынды әрі өзекті. Себебі бүгінгі таңда барлық анықтамалық және оқу құралдарында Шығыс философиясы дәстүрлі түрде қытай, үнді және араб-мұсылман философиясы болып үшке бөлініп келеді, ал түркі философиясы бұл құрылымда мүлдем ескерусіз қалып отыр. Ауқымы жағынан кең Еуразия кеңістігін – Қытай мен Моңғолиядан бастап Еділ өзеніне дейін, Сібір тайгасынан Аму мен Сырдария аралығына дейінгі өңірді философиялық картадағы «ақ дақ» ретінде қарастыру тарихи әрі ғылыми тұрғыдан қате көзқарас.

Түркі философиясының табиғатына келсек, ол өзінші бастауында көбінесе табиғат философиясы мен өмір философиясы сипатында көрінеді. Бұл – Шығыс дүниетанымының сан қырлы палитрасындағы өзіндік ерекше, қайталанбас бояу. Бұл орайда Н.Г.Аюпов пен Ә.Н.Нысанбаевтың мына пікірі орынды: «Түркі фалсафасын қарастыра отырып, біз оның тікелей бастау көздері мен құрамдас бөліктері ретінде қытай философиясын, буддизм философиясын және зороастризм философиясын да естен шығармауымыз керек» [1, 10 б.].

Түркі философиялық ойының басты ерекшелігі – оның алғашында дұрыс өмір сүру өнері, яғни шынайылықпен практикалық қарым-қатынастың үлгілерін ұсынатын даналық жүйесі ретінде қалыптасуы. Мұндай көзқарастың негізділігін көне дәуірлерден жеткен материалдық және рухани мәдениет ескерткіштері айқын дәлелдейді. Бүгінгі таңда түркі философиясы – әлемдік философиялық ойдың жарқын феномені ретінде танылып отыр. Шығыс философиясының ажырамас бөлігі бола отырып, ол жалпы мен жекенің, дәстүр мен жаңашылдықтың диалектикасын бойына сіңірген адамзат рухани мәдениеті тарихының маңызды құрамдас бөлігіне айналды.

Әдіснама

Қазақ философиялық ойының бастауы ретінде түркі философиясын зерделеуде өнімді әдіс болып табылатын, зерттеліп отырған нысанды тұтастығымен және ішкі өзара байланыстарымен қамти алатын диалектикалық әдіснама авторларға түркі-қазақ философиялық дәстүріндегі негізгі мәселелер мен міндеттердің дамуы мен қайта пайымдалуындағы түйінді кезеңдерді анықтауға мүмкіндік береді. Дәл осындай тәсіл танымның жаңа нәтижелерге қарай ілгерілеуіне ықпал етіп, болашақтағы даму бағыттарын айқындайды.

Қорқыт Атаның этикалық әлемі

Түркі этикалық ойының бастауында тұрған данышпан – аңызға айналған ойшыл және жырау Қорқыт Ата екені сөзсіз. Сырдария өзенінің бойын мекендеген оғыз-қыпшақ тайпаларының тарихында ол ерекше орын алады. Оған қатысты аңыз-әңгімелер ең алды-мен осы оғыз-қыпшақ мәдениетінің тікелей мұрагерлері саналатын қазақтар мен оларға көрші түрікмендер арасында кең таралған. Ерекше атап өтетін жайт – әрбір түркі халқы Қорқыт Атаға өз перзенті ретінде қарайды. Алайда еш күмәнсіз, Қорқыт Атаның мұрасы – бүкіл түркі дүниесіне ортақ рухани қазына.

VIII ғасыр – халық жыршысы Қорқыттың өмір сүрген кезеңі – ежелгі наным-сенімдер: тәңіршілдік, шаманизм және зороастризмнен ислам дініне көшу дәуірі болды. Қорқыт тұлғасында ежелгі сенімдердің ізбасары мен исламға бет бұрған рухани жан айрықша үйлесім тапқан. Бір жағынан ол Аллаға сеніп, Мұхаммед пайғамбарды мойындаса, екінші жағынан оның дүниетанымында көне дәуірдің сенімдері басымдық танытты.

Белгілі болғандай, өлімнің міндеттілігі мен оның құдайдан белгіленгені туралы түсінік – ислам дінінің басты догмаларының бірі. Осы тұрғыдан алғанда, өлімге қарсы тұрған Қорқыт Атаның шығармашылығы мәні жағынан исламға дейінгі сипатқа ие. Ш.Ш.Уәлиханов «Қырғыздардағы шамандықтың ізі» атты еңбегінде былай деп жазады: «Исламда рұқсат етілмейтін өлімнен қашу идеясы – шамандық халықтардың аңыздарының тұрақты мотивтерінің бірі. Қырғыз (қазақ) шамандарында Қорқыт туралы аңыз бар. Ол – алғашқы шаман, ол қобызда ойнауды және сарын айтып жырлауды үйреткен» [2, 65 б.]. Ағартушы-ғалым сондай-ақ: «Шаман – сиқыр мен білімге ие, өзгелерден биік тұрған адам, ол әрі ақын, әрі күйші, балгер және сонымен бірге емші» екенін де атап көрсетеді [2, 52 б.].

Бүгінгі күні Қорқыт Ата – шығыстанушы И.Кастаньенің сөзімен айтқанда, қарақалпақ, қырғыз, өзбек және қазақ бақсыларының рухани шабыты мен «қамқоршысы» болып саналады [3, 90 б.]. Қобыз – осы ойшыл мен күйші тұлғаның киелі мұрасы. Эпикалық жырларда айтылғандай, бұл аспапта ойнау қиын-қыстау жағдайға тап болған батырларды құтқаруға сеп болған.

Ерекше назар аударатын жайт – түріктер де Жерорта теңізінің жағалауындағы Анталия курортына жақын орналасқан Қорқыт елі атты қалашықты аңызға айналған данышпанның отаны деп есептейді. Ал Қорқыттың мазары Қызылорда облысында, осы аттас теміржол станциясының жанында орналасқан. Қазақ халқы Қорқыт Атаның дәл осы Сырдария жағалауында өмір сүріп, шығармашылықпен айналысып, осында дүниеден өтті дегенге кәміл сенеді. Бұл пікірді Орта Азия жазба деректері де растайды.

Түркі халықтарының әлемдік деңгейде Қорқыт Атаның мұрасына иелік етуге ұмтылуының себебін, сірә, олардың бұл рухани бабаға деген терең сүйіспеншілігінен іздеу керек болар. Белгілі философ С.Н. Ақатай «Ұлы Қорқыт

және оның ілімі» атты мақаласында бұл туралы былай деп жазады: «Қорқыт Ата түркілер үшін Мұхаммед пайғамбар араб ұлты үшін немесе Иуда еврейлер үшін қандай мәнге ие болса, дәл сондай біріктіруші маңызға ие. Жекелей алғанда қазақтың да, өзбектің де, хакастың не түріктің де өз Қорқыты жоқ. Қорқыт Ата - бүкіл түркі жұртына ортақ тұлға. Ойшыл олардың ортақ тарихы, тілі мен мәдениеті секілді біріктіруші күш» [4, 686 б.].

Қорқыт Ата ұрпақ жадында түркі халықтарының іргелі этикалық құндылықтарының, рухани-философиялық ізденістерінің, санасының жаңа белестерге ұмтылуының көрінісі ретінде сақталып қалды. Бұл этикалық құндылықтар алғашқы діни жүйелер аясында қалыптасты, тарихи үдерісте ұзақ уақыт бойы шыңдалып, толассыз соғыстар мен төңкерістердің қазанында шынықты.

Қазақ аңыздарына сүйенсек, Қорқыт Атаның өмірі әлемді басқаратын күштермен күресте өткен. Түркі данасының философия-сына сәйкес, өлім - ең басты зұлымдық, ал онымен күресу, адам баласының мәңгілігі үшін арпалысу, ойшылдың басты мақсаты болған. Аңыздардың бірінде жыраудың ажал періштесі Әзірейілді алдамақ болып, өзінің қырық қосар бейнесін жасағаны айтылады. Әзірейіл шатасып қалады, алайда көк аспан оған «Қорқыт - сол, кім бірінші болып көзін жыпылықтатады» деп сыбырлайды. Ақыры Қорқыт Атаны тапқан өлім періштесі оның жанын алмақ болғанда, жыраудың әпкесі өз жанын ұсыну арқылы бауырын құтқарып қалады.

Қорқыт Атаның өлімі туралы аңыз да кеңінен таралған. Онда Қорқыт қайда барса да, үнемі бір түс көретіндігі айтылады: бірнеше адам әулие Қорқытқа арнап қабір қазып жатады. Өлімнен қорған іздеген жырау Шығысқа да, Батысқа да жол тартып, мүмкін болған, әрі мүмкін емес барлық жерлерді аралап шығады. Бірақ қайда барса да, алдында оған арналған қабір дайын тұрады, жанында жазуы бар тағдырлы тақта: «Өлімнен қашып құтылмақпысың? Одан құтыла алмайсың! Міне, сенің қабірің! Есеп айырысар сәт туды!». Тағдырдан қашпақ болып, Қорқыт желмен жарысқан аруанаға мініп жолға шықса да, ақыры Сырдарияның жағасында дүниеден озған екен. Қорқыт бүкіл өмірін адам болмысының шынайы мәнін іздеумен өткізді, өзін-өзі алдаудың үйреншікті шеңберінен шығып, өмірге қатыгез балама - өлімді қабылдамауға тырысты. Ол өлімге қарсы шипа табуға үміттенді, бірақ бұл әрекеті нәтижесіз болды. Сол себепті ол орнын толтырудың түрлі амалдарын ойлап тапты, өзінің санасында мәңгілік өмірге қатысты ерекше символикалы қалыптастырды. Қорқыт үшін бұл мәңгілік өмірдің символына - өзі ойлап тапқан қасиетті аспап, қобызға айналды.

Осыған орай М.О.Әуезов пен Л.С.Соболев былай деп жазған: «Жалғыздықтың азабын тартқан Қорқыт ширғай ағашынан алғашқы қобызды ойып жасап, ішектерін тартып, шерлі ойы мен мұңды сезімін күйге қосып төкті. Ол барлық жан дүниесін осы әуендерге салды, оның сиқырлы үні әлемге таралып, адамдардың жүрегіне жетіп, оларды баурап алды. Сол кезден

бастап Қорқыттың күйлері мен жасаған қобызы жер бетінде сапар шегіп келеді, ал Қорқыттың есімі қобыздың ішегінде де, адамдардың жүрегінде де мәңгілікке қалды» [5, 100 б.]. Шынында да, ән мен күй өнерін алғаш тудырған аңыздағы тұлға - Қорқыт, адамзатқа алғаш болып музыка мен өнерді сыйлай отырып, өзінің мәңгілігін тапты. Физикалық өлімнен қашып жүріп, ол рухани мәңгілікке жетті. Осы арқылы ол өмір мәніне қатысты күрделі сұрақтарға жауап іздеуге және табуға мүмкіндік береді.

Белгілі бір мағынада, қазақ халқының тарихы Қорқыт Атадан басталады деуге болады. Өйткені оның есімі музыкада да, әдебиетте де, космологияда да, этнография мен философияда да, тарихта да кездеседі. Әнші мен шежірешінің күрескер рухы қазақтың аңыз-ертегілерінде, мақал-мәтелдерінде сақталып қалған. Адамды әлемнің өзегі ретінде қарастыратын Қорқыттың этикалық ілімі, өлім мен мәңгілік, жақсылық пен жамандық, болмыстың жарық пен түнек арасындағы дуализмі туралы философиялық толғамдары қазақ этносының рухани құрылымына сіңіп, қазақ философиясының іргелі тақырыптарына айналды. «Табиғатқа жақындық, өмірсүйгіштік пен өрлік Қорқыттың рухани мұрасында айқын көрініс тапқан», - деп Орынбеков М.С. өзінің мазмұнды еңбегі «Қазақтарды шоғырландырудың рухани негіздері» атты кітабында орынды атап көрсеткен [6, 97 б.].

Қорқыт Атаның даналыққа толы ойлары мен философиялық идеялары қазақ халқының тарихи жадында терең сақталып, оның рухани бағдар-бағыты мен символдық кеңістігіне айрықша ықпал етті. Ол қазақ философиялық ойының бастау бұлағына айналып, ұлттық дүниетаным мен өмірлік ұстанымдардың қалыптасуына негіз қалады. Қорқыттың музыкалық мұрасы мен философиялық толғамдары кейінгі ғасырларда қазақ даласының ұлы жырауларының шығармашылығында жалғасын тапты. XIII ғасырда Кетбұға, XIV ғасырда Сыпыра жырау, XV ғасырда Асан Қайғы, XVIII ғасырда Бұқар жырау сынды көрнекті тұлғалар Қорқыттың рухани мұрасын ілгері дамытып, оны халықтың сана мен қоғамдық пікірдің өзегіне айналдырды.

Қорқыт Атаның этикалық әлемі - ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ететін рухани арқау, моральдық дәстүрлердің тірі үнін жеткізетін сарқылмас құндылықтар қоймасы. Онда адам мен табиғаттың үйлесімі, туған жерге деген сүйіспеншілік, өткен тарихқа тағзым сынды өмірлік ұстанымдар терең өрілген. Қазақ халқы осы рухани бастаудан өмір мәнін, тағдырдың сынақтарына төтеп берудің жолдарын, жан тыныштығы мен жүрек жұбанышын іздеді. Қорқыттың өсиеттері мен нақыл сөздері халықтың қоғамдық және рухани өмірінде маңызды орын алып, халық даналығының мәйегіне айналды. Оның нақылдары бүгінгі күнге дейін мақал-мәтел түрінде жетіп отыр: мысалы, «Қар қанша қалың жауса да, көктемге жетпейді; көк майса шөп күзге дейін тұрмайды», «Ескі мақта мата болмайды, ескі жау дос болмайды», «Сөнген оралмайды, өлген тірілмейді» [7, 487 б.].

Қорқыт Ата ілімінде түркі рухының сарқылмас әрі мәңгілік мәні айқын көрініс тапқан. Ол өзінің дәуірінде түркі жұртының бірлігінің символы болса, бүгінгі күні ол – түркі халықтарының рухани жаңғыруына, болашаққа деген үміті мен сеніміне айналған тұлға. Түркі дүниесінің Қорқытқа деген ұмтылысы мен қызығушылығын осы рухани қажеттіліктен туындайды деп түсіндіруге болады. Бұл тұрғыда ғалым С.Н.Ақатай орынды атап өтеді: «Қорқытсыз түркі мәдениеті мен руханиятының толыққанды жаңғыруы ХХІ ғасырда да мүмкін емес» [4, 686 б.].

Осы орайда қазақ халқы да түркі әлемінің ортақ рухани үрдістерінен тыс қала алмайды. Қазақ дүниетанымының терең қатпарларын, оның болмыстық бірегейлігі мен рухани ерекшелігін ұғыну – Қорқыт Атаның этикалық мұрасына қайта үңілу арқылы ғана мүмкін. Оның философиясы – өмірдің тұтастығын тануға, адам баласының бұл дүниедегі орнын, міндеті мен мақсатын іздеуге бағытталған даналықтың жарқын көрінісі.

Түркі философиясындағы екі дүниетанымдық бағыттар

Түркі ойшылдарының этикалық көзқарастарын ортағасырлық мұсылман философиясында адам болмысына қатысты қалыптасқан екі негізгі дүниетанымдық тұжырымдама аясында қарастыруға болады. Бұл тұжырымдамалар – зайырлы-рационалистік және діни-сопылық бағыттар. Ортағасырлық түркі философиясында осы екі бағыт өзара ықпалдаса отырып, адамгершілік, ізгілік пен рухани дамудың сан қырын ашуға үлес қосты.

Зайырлы-рационалистік бағыттың негізін қалаушылардың бірі ретінде Жүсіп Баласағұнның философиялық мұрасын атауға болады. Оның «Құтты білік» атты шығармасы – түркілік этикалық ойдың алғашқы ірі ескерткіші ретінде бағаланады. Шығыс перипатетиктерінің ықпалында жазылған бұл еңбек рационалды философияға сүйеніп, қоғамдағы әділет, парасаттылық, билік пен халықтың өзара қарым-қатынасы, моральдық үйлесім мәселелерін терең зерделейді. «Құтты білік» атауының өзі – «Бақытқа жеткізетін білім», «Құт әкелетін даналық» немесе «Бақытты болу ілімі» деген мағыналарымен-ақ, білімді – жоғарғы игілікке жеткізетін басты құрал ретінде ұғындырады. Осы арқылы түркі философиясы әлеуметтік әділет, адамгершілік пен кемелденген қоғам құру мәселелерін шешуге бағытталған дүние-танымдық бағдарды ұсынды.

Ал діни-сопылық бағыттың негіздері Ахмет Иасауи мен оның ізбасары Сүлеймен Бақырғанидың рухани ілімдерінде көрініс тапты. Бұл бағыт адамның ішкі жан дүниесін тануға, өзін-өзі тәрбиелеу мен тазару арқылы рухани кемелдікке жетуге, Аллаға жақындауға ұмтылды. Сопылық дүниетанымда этика – жүрек тазалығы мен моральдық тұтастыққа негізделіп, адам рухының ішкі әлеміне терең бойлауға шақырды.

Аталған екі бағыт – зайырлы-рационалистік және сопылық-мистикалық – түркі дүниета-

нымында қатар өмір сүріп, өзара байытып, бір-бірімен пікір алмаса отырып дамыды. Бұл бағыттарды бір-біріне түбегейлі қарсы қою немесе олардың айырмашылықтарын абсолюттендіру – әдіснамалық тұрғыдан үлкен қателік болар еді. Өйткені екеуінің де түпкі мақсаты – адам мен әлем арасындағы үйлесімділікке қол жеткізу, шындық пен этикалық мұраттарды тану. Бұл орайда әйгілі философ Абу Али Ибн Сина мен атақты сопы Абу Саид Мейхени арасындағы пікір алмасу айрықша мәнге ие. Олардың шындықты танудағы өзара көзқарасын сипаттай келе, Ибн Сина: «Мен білетінді, ол көреді», – десе, Мейхени: «Мен көретінді, ол біледі», – деп жауап берген екен [8, 177 б.]. Бұл диалог екі бағыттың – рационалдық және мистикалық – бірін-бірі толықтырып, параллель дамып, ақыр соңында бір рухани мақсатқа қызмет ететінін көркем сипаттайды.

Сондықтан ортағасырлық түркі философиясы – зайырлы рационализм мен сопылық мистицизмнің өзара тоғысуынан туған терең және бай дүниетанымдық жүйе. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасы түркілік философиялық ойдың негізін қалап, этикалық тұжырымдамалардың іргетасын бекітсе, Ясауи ілімі адамның ішкі рухани әлемін жетілдірудің жолдарын көрсетті. Екі бағыт та түркілік дүниетаным мен руханияттың кемелденуіне зор үлес қосты, әрі бүгінгі күнге дейін маңызын жоғалтпаған.

Қарахан әулеті билік құрған кезеңде өмір сүріп, шығармашылықпен айналысқан, ХІ ғасырдың көрнекті ақыны және ойшылы Жүсіп Хас Хажиб сол дәуірде өркендеу шыңына жеткен Баласағұн қаласының тумасы. Ол өзінің жалғыз әрі толық күйінде бізге жеткен поэмасы «Құтты білік» арқылы даңққа бөленді. Дегенмен, ойшылдың басқа да еңбектері болған деген жорамал жасауға негіз бар. Бұл кітап 1069 жылы жазылған, ал автор оны Қашғар билеушісі Сүлеймен Арслан Қара Ханға арнаған. Осы еңбегі үшін хан оған «Хас Хажиб», яғни, «Ұлы ханның әлеуметтік кеңесшісі» деген құрметті атақ берген.

Жүсіп Хас Хажибтің еңбегіне Қарахан әулеті тарапынан мұндай жоғары баға берілуі және «Құтты білікке» деген ерекше қызығушылық, бір жағынан, бұл шығарманың түркі қоғамының өкілдері үшін этикалық ережелер және мінез-құлық нормаларының өзіндік кодексіне айналуымен түсіндіріледі. Екінші жағынан, Қарахан әулетінің бұл еңбекті қолдауы – олардың билігін мемлекеттегі егіншілер мен қолөнершілер алдында заңдастыруға және көрші мемлекеттер тарапынан саяси мойындалуға ұмтылуымен байланысты болды. Жүсіптің пікірінше, билеуші мен оның айналасындағы шенеуніктер осы еңбектен түркі этикасының талаптарына толық сәйкес келетін мінез-құлық үлгілерін, «мемлекеттік басқару ғылымының» қағидаларын үйренуге тиіс еді.

Жүсіп Баласағұн өз дәуірінің аса білімді адамдарының бірі болған. Оның «Құтты білік» поэмасы – автордың тарих, философия, этика және эстетика салаларындағы кең көлемді білімін айқын көрсететін шығарма.

Жүсіптің иранның батырлық эпосымен таныс болғаны да анық: поэма әйгілі «Шахнама» секілді мәснәуи (екі жолдық шумақ) түрінде жазылған. Шығармада Ануширван, Зохақ, Феридун, Рүстем, Афрасиаб сынды «Шахнама» қаһармандары аталып өтеді. Автор оларды әділет, ізгілік, ерлік сынды игі қасиеттердің өлшемі ретінде көрсетіп, идеалды билеушінің бейнесін сипаттауда мысал ретінде келтіреді.

Жүсіптің этикалық көзқарастары оның Ибн Синаның мұрасын терең меңгергенін аңғартады. Ол, әсіресе, қоғамның тәрбиелік жүйесіндегі мемлекеттің рөлі, ізгі билеушінің қоғамды жақсартудағы маңызы және басқа да әлеуметтік-философиялық мәселелерді жан-жақты қарастырған. Бұл оның философиялық және саяси-этикалық ойының тереңдігін дәлелдейді.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» еңбегінің ең маңызды ерекшеліктерінің бірі - оның рационалистік дәстүрлерге негізделуі. Бұл дәстүрлер адам ақылына, ғылымға және өз дәуірінің мәдениетіне деген терең құрметпен, сондай-ақ теория мен практиканы ұштастыруға ұмтылысымен көрінеді. «Құтты біліктен» біз әлеуметтік және этикалық мәселелерді, космологиялық, онтологиялық және гносеологиялық ізденістерді де таба аламыз. Бұл - ортағасырлық ойшылдардың рухани ізденістеріне тән құбылыстар. Онда ғаламның құрылымы мен құрамы, планеталар, адам миының ақыл-ойдың материалдық негізі ретіндегі құрылысы, білім мен сенімнің, зайырлы мен діни дүниетанымның арақатынасы, өмірдің мәні, өлім мен мәңгілік мәселелері қозғалады.

Жүсіп Баласағұн өзінің философиялық ой-толғауларында, жоғарыда атап өткеніміздей, ақыл-ой мәселесіне ерекше мән береді, оның табиғаты мен қызметі, таным процесінің шексіздігі мен таусылмастығы - ойшыл үшін аса маңызды тақырыптар. Шынында да, адамның өміріндегі ақыл мен білімнің шешуші рөлі поэманың атауынан-ақ көрініп тұр. Оның бүкіл мазмұны - атаудың мән-мағынасын әртүрлі қырынан ашатын кең ауқымды түсініктемелер жүйесі. Ол оқырманға қайта-қайта мынадай ойды сіңіреді:

«Ғылымда - барлық игілік, білімде - ұлылық,

Ғылым мен ақыл - бар істің негізі» [9, 41 б.].

«Құтты білікте» алғаш рет Жүсіп Баласағұн өз дәуіріндегі ортағасырлық түркі мемлекетін әлеуметтік тұрғыдан сипаттап, оның ішкі құрылымын жан-жақты бейнелеген. Оқырманның көз алдына орталықтандырылған билік жүйесі бар мемлекет үлгісі келеді, мұнда билік аппараты, жер өңдеуші шаруалар, малшылар, қолөнершілер және ақыл-ой еңбегімен айналысатын адамдар: ғалымдар, емшілер, ақындар мен кеңесшілер нақты қоғамдық маңызы бар функциялар атқарады. Әрбір әлеуметтік топ тек өз қажеттілігін қамтамасыз етіп қана қоймай, жалпы қоғамның тіршілігін, тұрақтылығын қамтамасыз ететін тетік ретінде бейнеленеді. Автор елдің өркендеуі мен халқының амандығы өзара байланыста екенін дәлелдей келе, қазіргі

әлеуметтік-гуманитарлық ойлау тәсіліне сай келетін тұжырымдар ұсынады. Мәселен, Баласағұн ел тұрғындарын табыстық деңгейіне қарай байлар, орташалар және кедейлер деп үш топқа бөліп, дана кейіпкер Өгдүлмiштің аузымен билеушілерге мынадай ой айтады, елдің берекесі мен тұрақтылығы байларға арқа сүйеуде, орташаларды қолдауда және кедейлерге қамқор болуда жатыр [9, 415 б.].

Ортағасырлық мұсылман философиясының негізгі әрі өзекті мәселесі - Құдай мен әлемнің арақатынасы. Бұл ұғымдардың мазмұны мен байланысы онтологиялық, космологиялық және гносеологиялық аспектілер тұрғысынан жан-жақты қарастырылды. Аталған философиялық іргелі мәселе төңірегінде ортағасырлық мұсылман ойшылдары арасында ұзақ уақыт бойы жалғасқан екі негізгі дүниетанымдық тенденция - теологиялық және философиялық бағыттар - өзара күреске түсті. Бұл бағыттар болмыс пен ақиқат туралы сұрақтарға түрліше жауап беріп, ислам өркениетінің ішкі интеллектуалдық көптүрлілігін көрсетті.

Онтологиялық және космологиялық тұрғыдан алғанда, бұл дүниетанымдық ағымдарды шартты түрде теоцентрлік және рационалистік бағыттар ретінде сипаттауға болады. Айта кету керек, бұл екі бағыт көбіне өзара қарсы тұрса да, кей жағдайларда бір ойшылдың дүниетанымында үйлесімді немесе қайшылықты бірлікте қатар өмір сүре алған. Бұл таңғаларлық құбылыс емес, себебі ортағасырлық философтар өз ой-тұжырымдарын ислам дінінің негізгі қағидаттарына ашық түрде қарсы қоюдан саналы түрде бас тартып отырған. Сонымен бірге діни бағыттағы ойшылдар, әсіресе сопылық поэзия өкілдері, дүниетанымдық мәселелерді талдауда конфессиялық шеңберден шығып, гносеологиялық деңгейде терең, кейде мистикалық пайымдарға барған.

Аталған екі бағыттың өзара тоғысуының жарқын мысалын Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасынан көруге болады. Бұл еңбекте іс-әрекет адамы Өгдүлмiш пен Ой-толғау адамы - Одғұрмыш арасындағы диалог арқылы адам өмірінің мәні, тағдыр мен ерік бостандығы, адамның әрекет еркіндігі және болмыстық шектеулер арасындағы күрделі қатынастар туралы философиялық-теологиялық мәселелер көтеріледі. Бұл диалогта сол дәуірдегі түркі қоғамының рухани ізденістері мен дүниетанымдық қайшылықтарының көрінісі анық байқалады. Сонымен қатар, шығарманың құрылымдық-философиялық табиғаты ортағасыр мұсылман философиясында қалыптасқан негізгі дүниетанымдық бағыттардың синтезі ретінде танылуға лайық.

Жалғыздықта өмір сүретін Одғұрмыш үшін бұл дүниелік істер - адамның шынайы мақсатына, яғни Құдайға қызмет етуіне кедергі келтіретін, уақытты зая кетіретін бос әурешілік қана. Оның пайымдауынша, бұл өмірдегі жақсылық пен жамандық - тағдырмен алдын ала белгіленген, ал адам оны өзгертуге дәрменсіз. Ал Өгдүлмiштің ұстанымы басқа - адам Құдайға тек

дүниеден безіп, оңаша өмір сүру арқылы емес, жақындарына жақсылық жасап, ізгі істер арқылы қызмет етеді [9, 263 б.]. Оның үстіне, адам баласын Жаратушы оның барлық құмарлықтары мен қажеттіліктерімен бірге жаратқан, ал сол қажеттіліктерді өтеу - табиғи және заңды құбылыс [9, 282 б.]. Сондықтан гуманист ойшыл Жүсіп Баласағұнның пікірінше, нағыз тақуалық өмір - бұл халыққа қызмет ету жолындағы өмір.

Ортағасырлық түркі шығармаларына тән бір ерекшелікті атап өткіміз келеді, өмірдің мәні этикалық категория жақсылықпен тығыз байланысты қарастырылады. Адамның бұл дүниедегі мақсаты - ізгі істер жасау деп танылады. Біздің ойымызша, мұндай этикалық түсінікпен адамның мәңгілік болмысы туралы ұғым да тығыз байланысты. Мәңгілік - адамның жақсы істерімен келген абыройлы аты арқылы іске асады. «Мен не үшін тудым, егер өлім мені күтіп тұрса?» - деп сұрайды Айтолды өзін-өзі толғандырып және оған мынадай жауап табады: өмірдің мәні - адамдарға пайда келтіру жолында қызмет ету [9, 112 б.]. Осылайша, жеке адамның өмірінің шектеулілігі мен жалпы өмірдің шексіздігі арасындағы диалектикалық қайшылық ортағасыр ойшылдарын алаңдатқан негізгі философиялық сұрақтардың бірі Жүсіп Баласағұн тарапынан этикалық тұрғыдан шешімін табады. Адам өледі, бірақ оның аты өлмейді. Ал «аты өлмеген адам - өзі де шексіз» деп түйіндейді түркі философ-гуманист [9, 47 б.]. Айта кететін жәйт, өмірдің мәні, өлім мен мәңгілік мәселесіне осындай этикалық негізден келу, діни, тәңірлік жазмышқа негізделген түсіндіруден едәуір өзгеше. Ол қазақ философиялық ойының ары қарайғы даму жолында да, тіпті XX ғасырдың басына дейін де үзілмей жалғасқан.

Осылайша, түркі ойшылы Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» еңбегінде көтерген әлеуметтік-этикалық мәселелер кейінгі барлық түркітілдес философиялық ойға, әсіресе оның зайырлы бағытына тән сипатқа айналды. Бұл бүкіл түркі философиясы тек осы алғашқы поэманың ықпалымен қалыптасты деген сөз емес. Әрине, түркі ойының дамуына ықпал еткен бастаулар көп болды, олардың ішінде парсы және парсылық әдебиеттің классикалық үлгілері маңызды рөл атқарды. Жүсіп Баласағұнның өзі де алғашқы түркі тіліндегі поэмасын жазуға дәл осы бағыттағы шығармалардан шабыт алғаны анық. Дегенмен, сол дәуірдегі түркі мемлекетіндегі қоғамдық мәселелерді жан-жақты қамтуы, оларға рационалистік және зайырлы тұрғыдан қарауы, өмірді мадақтаушы рухы мен көркемдік қуаты Жүсіп Баласағұнның шығармасын түркі философиясы дамуының жаңа бағытын айқындаған іргелі туынды деп айтуға толық негіз береді. Бұл бағыт кейінгі ғасырлардағы түркі философиялық ойының зайырлы арнасын қалыптастыруда шешуші рөл атқарды.

Қожа Ахмет Ясауи есімі түркі-мұсылман әлемінде ең жоғары адамгершілік пен гуманизмнің символы ретінде танылады. Ойшылдың руханият пен ізгілік туралы түсінігі адамзат

мәдениетінің қазынасынан лайықты орнын алуы тиіс. Қазіргі таңда бүкіл әлем бас-тан кешіп отырған экономикалық және рухани дағдарыс кезінде шыдам мен сабыр, мейірімділік пен жанашырлық, жақының деген сүйіспеншілік пен қанағатшылдық сияқты қасиеттері адамзатқа аса қажетті және маңызды болып отыр.

Қожа Ахмет Ясауидің бүкіл өмірі мен қызметін қамтыған негізгі идея - адамның рухани-адамгершілік кемелдену туралы ілімі болды. Бұл идея, біздің ойымызша, оның дүниетанымының өзегі және өзі негізін қалаған сопылық мектептің арқауы саналады. Осы мектеп арқылы ол ислам дініндегі моральдық идеалды өмірде іске асыруды мақсат етті. Ясауидің түркі дүниесіндегі теңдессіз рухани беделі жайында көне заманнан жеткен мынадай сөз айғақ: «Мәдинада Мұхаммед болса, Түркістанда Қожа Ахмет бар».

Ясы (қазіргі Түркістан) қаласының тумасы Қожа Ахмет Ясауи өз қызметін исламды жаңадан қабылдаған, бірақ оған шын берілген түркі көшпелілері мен егіншілері арасында насихаттаушы ретінде бастады. Ол сопылық практиканы жетік меңгеріп, ислам ілімдерін, араб және парсы әдебиетін жақсы білгенімен, өзінің айналасындағы әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделуге мәжбүр болды. Ол сопылық практиканың құрылымына ежелгі түркілердің пұтқа табынушылық дәстүрлеріне тән элементтерді енгізуге тура келді. Ахмет Ясауидің таңғаларлық табысының басты себептері оның өз заманының талаптарына жылдам бейімделе білуі, ислам қағидаларын шығыс сопылық пантеизмінің элементтерімен және көрші көшпелі, жартылай көшпелі тайпалардың шамандық түсініктерімен икемді түрде ұштастыра білу қабілеті болды.

Қожа Ахмет Ясауи өзіне шамамен 40 мыңға жуық мүридтерді тартып, даңқ пен құрметке бөленген, «ата» деген қадірлі лақап атпен танылған. Алайда ол өзінің таңдаған жолынан айныған жоқ: 63 жасқа толған кезде, ол жер астынан шағын ғана орын қазып, сыртқы әлеммен барлық байланысын үзіп, бар өмірін жалғыздықта өткізуге ант берді. Бұл әрекетін ол 63 жасында қайтыс болған Мұхаммед пайғамбарды еске алу ретінде жасады. Ахмет Ясауидің мақсаты - «тірі күйінде өлу», яғни фани күйіне жетіп, Жаратушымен үздіксіз рухани байланыс орнату болатын.

Исламның адамгершілік мұраттарын нақты өмірде жүзеге асыруға деген ұмтылысы сопылық идеялар арқылы өз көрінісін тауып, бұл рухани-этикалық бағдар Қожа Ахмет Ясауи моральдық философиясының өзегіне айналды. Оның бұл идеялары «Диуани хикмет» жинағындағы барлық хикметтерде тұтас қамтылған. Ясауи шығармашылығының негізгі мақсаты - кез келген дәуір мен халық үшін өзектілігін жоғалтпайтын мәңгілік адамгершілік құндылықтарды жеткізу. Ол алғашқы хикметтен бастап соңғысына дейін әртүрлі форма мен жанрда адамзаттың рухани кемелдену жолын сипаттап, тұлғанын моральдық жетілу мен ішкі тазалығы мәселесін үнемі көтеріп отырады.

Мыңжылдықтар тереңінен үн қатқан сопы-ақын өз хикметтері арқылы адамның ішкі рухани-шығармашылық бастамасының маңызын, оның мәңгілік сипатын еске салады. Ол идеал мен арманның, тіпті орындалмаса да адам өміріндегі мәні мен маңызын айқындай отырып, бүгінгі күннің материализм мен құрғақ рационализмге бейім практицизмінен биік тұратын рухани биіктікті паш етеді. Қожа Ахмет Ясауи поэзиясының тілі Жүсіп Баласағұнның тілімен салыстырғанда айтарлықтай өзгеше. Ол адам бойындағы моральдық кемшіліктерді сынауда өткірлік пен қатаңдық танытады. Оның сопылық бейнелері көбіне ирреалдық, яғни рухани кеңістікті бейнелегенімен, олар қарапайым тыңдаушы мен оқырманға түсінікті тілмен жеткізілген. Ең бастысы – бұл бейнелер Жаратушыға деген сүйіспеншілікті жақынға деген махаббатпен ұштастырып, жер бетінде көрініс табатын құндылықтар – жақсылық пен жамандық туралы терең ой қозғауға жетелейді.

Ясауи поэзиясының негізгі идеологиялық қызметі – ислам дінін кең халық арасында тарату болды. Алайда бұл насихат дәстүрлі түрде мұсылманның міндеттері мен мінез-құлқы туралы шектеулі нормативтік сипатта емес, керісінше, адамның ішкі моральдық кодексін, Құдайға, Ақиқатқа деген сүйіспеншілікке негізделген рухани-эмоционалдық поэзиялық тілмен берілуімен ерекшеленді. Осы тәсіл арқылы сопы-ақын тыңдаушыны Ақиқатты тануға жетелейтін терең рухани ізденіске шақырды. Ясауи үшін сопылық ілімнің басты идеясы – адамның өзін-өзі ұмыта отырып, Құдайға деген махаббат арқылы Ақиқатқа жету. Бұл бағытта К.Х.Таджикованың орынды атап өткен-дей, Ясауидің хикметтерінде сопылықтың онтологиялық немесе космологиялық қырларынан гөрі, оның этикалық мазмұнына ерекше назар аударылады [10, 16–17 бб.]. Мұндай мазмұндық екпін сопылық ілімнің моральдық аспектілеріне мән беруден туындаған. Бұл Ясауи шығармашылығындағы дәйектіліктің жетіспеушілігі емес, қайта сол дәуірдің әдеби-мәдени контекстіне, әсіресе поэтикалық жанрға тән заңдылықтардан туындайды. Себебі ортағасырлық әдебиеттің идеялық өзегінде әлеуметтік-этикалық мәселелер тұрғаны белгілі.

Ахмет Ясауи өз шығармаларында сопы-мистиктің этикалық идеалын насихаттады. Мұндай тұрғыдан алғанда, түркі ойшылының ілімі шариғат қағидаларына қарсы келмейді, әр мұсылманның парыздарын адал орындауына қайшы емес, тіпті ислам ілімінің дәстүрлі, канондық негіздерінен бас тартпайды. Керісінше, ислам дінінің насихатшысы және таратушысы ретінде, Ясауи «Хикметтерінде» Құранды, Мұхаммед пайғамбарды, оның сақаларын және әділетті халифтерді мадақтайды.

Қ.А. Ясауидің сопылық ілімі – адам, оның ислам қоғамындағы орны, Алламен және айналадағы әлеммен қарым-қатынасы туралы терең философиялық-этикалық толғаныстар арқылы көрініс тапқан. Ол өз «Хикметтерінде» былай деп жазады:

*«Құл Қожа Ахмет, ер болмасаң өлген жақсы,
Қызыл жүзің қара жерде солған жақсы.
Топырақ сипат жер астында болған жақсы,
Заты ұлық ием, сиынын келдім саған»* [11, 31 б.].

Қожа Ахмет Ясауи өз шығармаларында мазмұнның түсініктілігі мен қарапайымдылығына ерекше мән берген. Оның басты мақсаты – сопылықтың ағартушылық және рухани идеяларын барынша қарапайым тілмен насихаттау болды. Ясауидің «Хикметтерінің» тілі көбіне қарлұқ-қыпшақ-оғыз түркі диалектісіне негізделген. Бұл диалектінің көптеген элементтері басқа да түркі ойшылдары мен ақындарының шығармаларында, әсіресе, Ясауидің ізбасары әрі рухтас серігі Сүлеймен Бақырғанидың еңбектерінде айқын көрініс табады.

Қ.А. Ясауидің «Диуани хикмет» туралы қазақстандық философ-яссауитанушы А.П. Әбуовтың мынадай пікірін келтіргіміз келеді: «Қ.А. Ясауи ілімінде Батыс философиясына тән идеалистік не материалистік жүйелер арасындағы дәстүрлі дилемманың ізі де жоқ. Себебі оның еңбектерінде түркі тілінде баяндалған дәл түркіге тән ойлау үлгісі мен дүниені қабылдау формасы көрініс табады. Бұл – логикалық тұрғыдан нақты әрі аяқталған тұжырымдамалық жүйе. Сопы-ақын Қ.А. Ясауидің Құдайлық әлемі дәстүрлі сипатта, өйткені, ол исламның «Вахдат аль-вуджұт» схемасына негізделген. Бұл схема оған таным мен ақылдың, еркіндік пен еріктің рөлін бағалауда Платоннан да асып түсуге мүмкіндік береді. Қ.А. Ясауи әртүрлі адамдарға Алланың ақылды тең дәрежеде бергенін мойындай отырып, сол ақылдың Жақсылық пен Жамандық арасында таңдау жасау еркі бар екенін негізге алады. Сондықтан егер адамда ақыл жеткілікті болса, ол өзін жетілдіріп, ақырында зұлым күштерден құтыла алады» [12, 178б.].

Шынында да, Қ.А. Ясауидің дүниетанымына шешуші ықпал еткен сопылық ілім ойшылға адамның рухани тазалығы мен моральдық кемелділік мәселелерін терең қарастыруға мүмкіндік берді. Ол өз шығармаларында адамның адалдығы, сондай-ақ менмендік, қызғаныш, екіжүзділік, зұлымдық, надандық, алдау сияқты жағымсыз қасиеттер туралы жазған. Ясауидің «Хикметтері» адамдардың рухани және моральдық-этикалық сұраныстарын бейнелеп, былай деп үндеу тастайды:

*«Ел, дүние, халқымызда қайырым жоқ,
Патша менен уәзірлерде әділет жоқ.
Даруіштердің дұғасында қасиет жоқ,
Түрлі бәле халық үстіне жауды, достар.*

*Құл Қожа Ахмет, ақылшы болсаң өзіңе бол,
Ғашық болсаң жаннан кешіп бір жола өл.
Надандарға айтқан сөзің қабыл болмас,
Белді буып жер астына кірдім міне»* [11, 62 б., 38 б.].

Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметінде» жетекші орын алатын терең философиялық идеялардың бірі Жаратушының шексіз көрініс табуы жөніндегі тұжырым. Ясауи адамның мәңгілік емес екенін ерекше атап өтеді, ол жақсы болсын, жаман болсын – жоқтықтан пайда болып, ақырында қайта сол жоқтыққа

айналады. Яғни, адамның бастауы да, соңы да бар. Сондықтан адам баласы Жаратушымен салыстырғанда түкке тұрғысыз, сондықтан ол Алланың өзіне өмір сыйлағаны үшін үнемі шүкір айтып, Оның есімін жүрегінде сақтап, мадақтап отыруы тиіс. Ясауи бұл дүниенің Құдайлық болмысқа тәуелділігін нақты көрсетіп, әлемнің Құдайлық абсолюттің көрінісі ретінде жаратылғанын баса айтады. Оның ойынша, Жаратушының көрініс табу формалары шексіз, ал біздің әлеміміздің сан алуан болмысы мен байлығы сол шексіздіктің нақты көрінісі.

Осы сопылық дүниетанымдық бағытпен қатар, түркі философиясында рационалистік, зайырлы бағыт та дамығаны белгілі. Бұл екі дүниетанымдық тұжырымдаманы салыстыра қарастырғанда, олардың тарихи-философиялық тамырлары исламға дейінгі кезеңге барып тірелетіні анық байқалады. Онтологиялық және гносеологиялық тұрғыдан бұл көзқарастар аристотелизм мен неоплатонизмнің ықпалын сезінгенімен, әлеуметтік практикада ислам мәдениетінің идеологиялық негізінде дамыды.

Рационалистік, зайырлы философиялық бағыт адам ақылының Құдайлық болмысын мойындай отырып, адамның Жаратушыны және Оның жаратқан әлемін тануға ұмтылу арқылы өзінің жоғары мақсатын іске асыру идеясын алдыңғы орынға қояды. Бұл бағыт ақыл мен логикаға негізделіп, тұлғаның танымдық белсенділігін дамытуды көздеді. Ал сопылық гносеология, керісінше, діни білімнің мистикалық қырын дамытып, танымды Құдай мәнін ұғынуға бағытталған рухани тәжірибе ретінде қарастырды. Сопылық түсінік бойынша, таным үдерісі, бұл адамның өз ішкі болмысына терең бойлап, жан қуатын рухани жетілуге бағыттау арқылы жүзеге асатын күрделі де нәзік процесс. Басқаша айтқанда, кемелдікке жету жолы – қоршаған ортаны тану арқылы ішкі рухты тәрбиелеу мен өзін-өзі жетілдіру арқылы өтеді. Бүлкі философиялық ойының аталған екі бағытын олардың әлеуметтік рөлдері тұрғысынан салыстыра қарастырғанда, рационалистік, зайырлы бағыттың қоғамдағы белсенді, өзгеріс жасаушы қызметін атап өту орынды. Бұл бағыт әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған прагматикалық тәсілдерімен ерекшеленіп, жаңашылдыққа бейім, қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласқан әлеуметтік топтардың дүниетанымына сай келді.

Ал сопылық философия, керісінше, би-лікке қарсы тұратын, үстемдік етіп тұрған қоғамдық қатынастарға сын көзбен қарайтын, дағдарыспен сынақ кезеңдерінде қоғамды моральдық тұрғыдан біріктіретін дүниетаным ретінде көрінді. Дегенмен, сопылық ілім зұлымдықты жеңу жолын адамның өзінің ішкі әлеміне шегінуде деп ұғынды. Бұл әлеуметтік тұрғыдан алғанда зұлымдықпен күрестен бас тартуды, шын мәніндегі өмірлік мәселелерден алшақтауды білдіретін. Алайда осыған қарамастан, сопылықтың насихаттаған шыдамдылық, махаббат және зорлық-зомбылықтан бас тарту идеялары ортағасыр қоғамының кең әлеуметтік жігі үшін

өмірлік шындыққа толық сай келетін дүниетанымдық бағдар ретінде қызмет атқарды.

Қорытынды

Ортағасырлық ойшылдардың қоғамдық және адамгершілік мәселелерді көтерудегі әлеуметтік мәртебелері, этикалық ұстанымдары мен дүниетанымдық көзқарастары әртүрлі болғанымен, оларды ортақтастыратын бір іргелі ерекшелік адам мен қоғамға деген гуманистік көзқарас. Бұл ойшылдардың дүниетанымдық идеалдары гуманизмге және бүкіл адамзаттық ортақ құндылықтарға негізделді.

Түркі ойшылдарының шығармаларынан кей жағдайда утопиялық сипаттағы үміттер, билік иелерінен мейірім мен әділеттілік күту ниеттері байқалады. Алайда, олардың философиялық ілімдерінің терең мазмұнын, яғни, қоғамның дамуы мен өркендеуі оның гуманистік, халықтар мен мемлекеттер арасындағы шынайы адами қатынастармен тығыз байланысты екенін жоққа шығаруға болмайды. Мұндай даму жолы әділет, сүйіспеншілік және қоғам игілігіне қызмет ету қағидаларына сүйенеді. Түркі философиясының өзегінде адам тұлғасын белгілі бір мақсатқа жетудің құралы емес, қоғамдық дамудың ең жоғарғы мақсаты ретінде тану идеясы жатыр. Бүгінгі күннің күрделі шындықтары тұрғысынан қарағанда, бұл ата-бабаларымыздың рухани мұрасынан алуға тиіс ең маңызды өмірлік сабақтардың бірі.

Қазақ философиялық ойы түркі дүниетанымының ажырамас әрі тарихи-философиялық тұрғыдан сабақтас жалғасы ретінде танылып, осы дәстүрдің басты бағыттарының бірін құрайды. Ол өзінің бастауын ежелгі түркі кезеңінің дүниетанымдық мұраларынан алып, исламдық өркениет кеңістігінде жетіліп, уақыт талабына сай тереңдеп дамыды.

Қаржыландыру

Ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржыландыру аясында әзірленді (№AP26199931 «Түркі-қазақ философиялық дәстүрі: қазіргі қазақстандық қоғамның трансформациялану үдерісіндегі негізгі идеялар мен басымдықтары»).

Әдебиеттер тізімі

- 1 Тюркская философия: десять вопросов и ответов. – Алматы, 2006. – 142 с.
- 2 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т. 4. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – 463 с.
- 3 Кастанье И.А. Кыргыз даласы мен Орынбор өңірінің көне тарихы // «Қорқыт Ата» энциклопедиялық жинақ. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999. – 89-91 б.
- 4 Ақатай С.Н. Ұлы Қорқыт және оның ілімі // «Қорқыт Ата» энциклопедиялық жинақ. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999. – 686-688 б.
- 5 Ауэзов М.О., Соболев Л.С. Эпос и фольклор казахского народа // Мысли разных лет. По литературным тропам. – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1961. – 544 с.
- 6 Орынбеков М.С. Духовные основы консолидации казахов. – Алматы: ИД «Арқаим», 2001. – 252 с.
- 7 Жирмунский В.М. Оғыздық батырлық эпос және «Қорқыт кітабы» // «Қорқыт Ата» энциклопедиялық жинақ. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999. – 476-572 б.

8 Сагадеев А.В. Ибн Сина (Авиценна). – Москва: Мысль, 1980. – 239 с.

9 Юсуф Баласагунский. Благодатное знание. – М.: Наука, 1983. – 558 с.

10 Таджикова К.Х. Идеальные предпосылки и особенности развития суфизма в средневековом Казахстане. Автореферат дисс. ... канд. филос. наук. Алма-Ата, 1983. – 22 с.

11 Иасауи Қожа Ахмет. Диуани хикмет (Ақыл кітабы). – Алматы: «Мұраттас» орталығы, 1993. – 262 б.

12 Абуов А.П. Мировоззрение Ходжа Ахмета Ясави. – Алматы: Институт философии МН-АН РК, 1997. – 196 с.

13 Балтабаева А.Ю. Философско-этические взгляды Сулеймена Бакыргани. Автореферат дисс... канд. филос. наук. – Астана, 2006. – 28 с.

14 Сулаймон Боқирғоний. Боқирғон китоби. – Ташкент, 1991. – 80 с.

Transliteration

1 Tjurkskaja filosofija: desjat' voprosov i otvetov [Turkic Philosophy: Ten Questions and Answers]. – Алматы, 2006. – 142 с. (in Rus)

2 Valihanov Ch.Ch. Sobraniesochinenij v pjatitomah. T. 4 [Collected Works in Five Volumes. Vol. 4]. – Alma-Ata: Glavnaja redakcija Kazahskoj sovetskoj jenciklopedii, 1985. – 463 с. (in Rus)

3 Kasten'e I.A. Kyrgyz dalasy men Orynbor onirinin kone tarihy [The Ancient History of the Kyrgyz Steppe and the Orenburg Region] // «Korkyt Ata» jenciklopedijalyk zhinak. – Алматы: Kazak jenciklopedijasy, 1999. – 89-91 б. (in Kaz)

4 Akataj S.N. Uly Korkyt zhane onyn ilimi [Korkyt Ata the Great and His Teachings] // «Korkyt Ata» jenciklo-

pedijalyk zhinak. – Алматы: Kazak jenciklopedijasy, 1999. – 686-688 б. (in Kaz)

5 Auejev M.O., Sobolev L.S. Jepos i fol'klor kazahskogo naroda [The Epic and Folklore of the Kazakh People] // Mysli raznyh let. Po literaturnym tropam. – Alma-Ata: Kazgoslitizdat, 1961. – 544 с. (in Rus)

6 Orynbekov M.S. Duhovnye osnovy konsolidacii kazahov [The Spiritual Foundations of Kazakh Consolidation]. – Алматы: IDU «Arkaim», 2001. – 252 с. (in rus)

7 Zhirmunskij V.M. Ogyzdyk batyrylyk jepos zhane «Korkyt kitab» [The Oghuz Heroic Epic and The Book of Korkyt] // «Korkyt Ata» jenciklopedijalyk zhinak. – Алматы: Kazak jenciklopedijasy, 1999. – 476-572 б. (in Kaz)

8 Sagadeev A.V. Ibn Sina (Avicenna) [Ibn Sina (Avicenna)]. – Москва: Mysl', 1980. – 239 с. (in Rus)

9 Jusuf Balasagunskij. Blagodatnoe znanie [Blessed Knowledge]. – М.: Nauka, 1983. – 558 с. (in Rus)

10 Tadzjikova K.H. Idejnye predposylki i osobennosti razvitiya sufizma v srednevekovom Kazahstane [The Ideological Foundations and Characteristics of the Development of Sufism in Medieval Kazakhstan]. Автореферат дисс. ... канд. филос. наук. – Алма-Ата, 1983. – 22 с. (in Rus)

11 Iasaui Kozha Ahmet. Diuani hikmet (Akyl kitab) [Diwani Hikmet (The Book of Wisdom)]. – Алматы, «Murrattas» ortalygy, 1993. – 262 б. (in Kaz)

12 Aбуov A.P. Mirovozzrenie Hodzha Ahmeta Jasavi [The Worldview of Khoja Ahmed Yasawi]. – Алматы: Institut filosofii MN-AN RK, 1997. – 196 с. (in Rus)

13 Baltabaeva A.Ju. Filosofsko-jeticheskie vzglyady Sulejmena Bakyrhani [The Philosophical and Ethical Views of Suleyman Bakyrhani]. Автореферат дисс... канд. филос. наук. – Астана, 2006. – 28 с. (in Rus)

14 Sulajmon Bokirgonij. Bokirgon kitobi [The Book of Bakhyrhan]. – Tashkent, 1991. – 80 с. (in Uzb)

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Гаухар Гинаядовна
Барлыбаева

бас ғылыми қызметкер, философия ғылымдарының докторы, қауымдас-
тырылған профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты,
Алматы, Қазақстан, e-mail: gbarlybaeva@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-1268-0763

Гүлнара Игенбайқызы
Нүсіпова

жетекші ғылыми қызметкер, PhD, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және
дінтану институты, Алматы, Қазақстан, e-mail: gulnara.nussipova@iph.kz, ORCID
ID: 0000-0003-4570-0484

Айман Бауржановна
Кельдинова

ғылыми қызметкер, PhD докторант, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және
дінтану институты, Алматы, Қазақстан, email: aimana_th@mail.ru, ORCID ID: 0000-
0002-9434-0385

Жаңыл Қайыржанқызы
Мадалиева

қауымдастырылған профессор, философия ғылымдарының кандидаты, Абай
атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail:
zhanna_madalieva@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-3050-4301

Гаухар Гинаядовна
Барлыбаева

главный научный сотрудник, доктор философских наук, ассоции-рованный
профессор, Институт философии, политологии и рели-гиоведения КН МНВО РК,
Алматы, Казахстан, e-mail: gbarlybaeva@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-1268-0763

Гүлнара Игенбаевна
Нусипова

ведущий научный сотрудник, PhD, Институт философии, политологии и
религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, e-mail: gulnara.nussipova@iph.kz,
ORCID ID: 0000-0003-4570-0484

Айман Бауржановна
Кельдинова

научный сотрудник, PhD докторант, Институт философии, политологии и
религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: aimana_th@mail.ru, ORCID
ID: 0000-0002-9434-0385

Жаңыл Кайыржанқызы
Мадалиева

ассоциированный профессор, кандидат философских наук, Казахский националь-
ный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, e-mail: zhanna_
madalieva@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-3050-4301

Gaukhar Barlybayeva

Chief Researcher, Doctor of Philosophical Sciences, Associate Professor, Institute
for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Almaty,
Kazakhstan, e-mail: gbarlybaeva@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-1268-0763

Gulnara Nussipova

Leading Researcher, PhD, Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies
of the CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, e-mail: gulnara.nussipova@iph.kz, ORCID ID:
0000-0003-4570-0484

Keldinova Aiman

Researcher, PhD student, Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies
of the CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, email: aimana_th@mail.ru, ORCID ID: 0000-
0002-9434-0385

Zhanyl Madalieva

Associate Professor, Candidate of Philosophical Sciences, Abay Kazakh National
Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: zhanna_madalieva@mail.ru,
ORCID ID: 0000-0002-3050-4301